

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Греция Республикасының Үкіметі арасында экономикалық және технологиялық ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 шілде N 956

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Греция Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық және технологиялық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Жақсыбек

Әбдірахметұлы Құлекеевке, қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Греция Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық және технологиялық ынтымақтастық туралы келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Греция Республикасының
Үкіметі арасындағы экономикалық және технологиялық
ынтымақтастық туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Греция Республикасының Үкіметі,

Теңдік, өзара тиімділік және өзара алысу негізінде өзара мүдделер аясында Тарап мемлекет арасындағы экономикалық және технологиялық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуге ниеттене отырып,

әртүрлі деңгейлерде және атап айтқанда, шаруашылық субъектілері деңгейінде Тарап мемлекеттер арасында ынтымақтастықты табысты дамыту және байланыстарды нығайту үшін ұзақ мерзімді шаралардың маңыздылығын тани отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамалары шеңберінде және сондай-ақ, 1995 жылғы 23 қаңтардағы, Қазақстан Республикасы мен Европа Қоғамдастығы арасындағы Келісім және атап айтқанда, Европа Қоғамдастығы мен оның мүше мемлекеттері және Қазақстан Республикасы арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім Z970113_ сияқты, өздерінің халықаралық міндеттемелерін назарға ала отырып, жалпы мүдде және тиімділігі бар барлық салада экономикалық және технологиялық ынтымақтастықты дамыту және нығайту үшін барлық күш-жігерді жұмсайтын болады.

Осы Келісім ережелерін қолдануда Қазақстан Республикасы Евразия

экономика қоғамдастығына мүшеліктен, ал Греция Республикасы Европа Одағына мүшеліктен туындайтын міндеттемелермен санасатын болады.

2. Тараптардың ынтымақтастығы:

- Тарап мемлекеттер арасында экономикалық байланыстарды нығайтуға және түрлендіруге;

- жаңа рыноктар ашуға;

- инвестициялауға, бірлескен кәсіпорындар және ынтымақтастықтың басқа да нысандарын құруға ықпал жасау мақсатымен, шағын және орта кәсіпорындарды қоса алғанда, шаруашылық субъектілері арасындағы ынтымақтастықты ынталандыруға бағытталатын болады.

2-бап

1. Осы Келісімнің 1-бабында көзделген ынтымақтастық, мына секторларда жүзеге асырылатын болады:

- өнеркәсіп;
- кеме жасау құрылысы және кеме жөндеу;
- агроөнеркәсіпті қоса алғанда, ауыл шаруашылығы;
- құрылыс және тұрғын үй құрылысы;
- көлік, теңіз көлігін қоса алғанда;
- банк жүйесі, сақтандыру және басқа да қаржылық қызметтер;
- туризм;

- басшы кадрларды кәсіби оқыту және даярлау;
- өзара мүдде бар басқа салалар.

2. Тараптар экономикалық және технологиялық ынтымақтастықтың басымды, сондай-ақ жаңа секторларын айқындау мақсатымен өзара консультациялар өткізетін болады.

3-бап

1. Осы Келісімде көзделген экономикалық ынтымақтастық, басты түрде, Тарап мемлекеттердің қолданыстағы заңнамаларына сәйкес, қазақстан және грек кәсіпорындары, ұйымдары және фирмалары арасында жасалған шарттар мен келісім-шарттар негізінде жүзеге асырылатын болады.

2. Тараптар:

- қолайлы инвестициялық ахуал жасау;
- саудалық және экономикалық ақпарат алысуға ықпал жасау;
- Тарап мемлекеттердің шаруашылық субъектілері арасында іскерлік қатынастарды жолға қоюға ықпал жасау;
- жәрмеңкелер, көрмелер, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер және басқаларын ұйымдастыру;
- сауданы ынталандыру жөніндегі қызметті қолдау арқылы экономикалық ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасау жолымен осы қызметті жүзеге асыру үшін барлық қажетті шаралар қолданатын болады.

4-бап

1. Тараптар өздерінің ұлттық басымдықтарын назарға ала отырып және өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес, өз мемлекеттері, сондай-ақ тиісті ұйымдар, институттар немесе фирмалар арасында технологиялық және ғылыми ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

2. Мұндай ынтымақтастық, өзгелері ішінде, мынадай нысандарға ие болуы мүмкін:

- бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- арнайы делегаттар шақыруды және оқыту курстарын ұйымдастыру;
- өзара мүдде салаларында оқу бағдарламаларын ұйымдастыру;
- техникалық және ғылыми сараптамаларды қамтамасыз ету;
- симпозиумдар және кеңестер өткізу;
- сарапшылар және ғылыми-технологиялық ақпарат алысу.

3. Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық қызметі қорытындылары бойынша алынған ғылыми және технологиялық нәтижелер және басқа ақпарат екі ынтымақтасушы әріптестің келісімімен және интеллектуалдық меншікке қатысты халықаралық ережелерге сәйкес хабарланатын, жарияланатын немесе коммерциялық тұрғыда жасалатын болады.

5-бап

1. Тараптар осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен Бірлескен Комиссия құруға келісті.

2. Бірлескен комиссия Тараптардың өкілдерінен тұратын болады және

кезегімен Қазақстан Республикасы мен Греция Республикасында Тараптардың кез-келгенінің бастамашылығымен шақырылатын болады.

3. Бірлескен Комиссия осы Келісімнің орындалу барысын қадағалайтын және қажет болған жағдайда, оны орындау жөнінде ұсынымдар тұжырымдайтын болады.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде дау және келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды өзара келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

7-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

1. Осы Келісім Тараптар оның күшіне енуі үшін ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалғаны туралы жазбаша хабар алысқаннан отызыншы (30) күнде күшіне енеді. Ол бес (5) жыл мерзімге күшінде болады.

2. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады, егер Тараптардың бір де бірі тиісті кезең өткенге дейін кемі алты (6) ай ішінде оның күшін тоқтату ниеті туралы басқа Тарапқа жазбаша хабар жібермесе, онда, Келісімнің күші әрдайым дереу 1 жылға ұзартылатын болады.

3. Осы Келісім негізінде екі Тараптың шаруашылық субъектілері арасында жасалған шарттар мен келісім-шарттар бойынша міндеттемелер осындай шарттар мен келісім-шарттарда көзделген жобалар толық аяқталғанға дейін күшін сақтайды.

4. Тараптар олардың шаруашылық субъектілері арасында жасалған шарттар

мен келісім-шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік алмайды.

_____ жылғы " __ " _____ қаласында екі данамен, әрқайсысы қазақ, грек, орыс және ағылшын тілдерінде жасалған және барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Греция Республикасының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.